КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 12.05.2026

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 30 сәуір Іс №1513-26-00-2/540 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.А.Казтуганова,
сот отырысының хатшысы Б.С.Кожагулова отырып,
сот ғимаратында «Whatsapp» мобильдік қосымшасы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе қаласының мемлекеттік сатып алулар бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Caspian Bitum» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАР:
«Енбек-2050» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
«Батыс PLC» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Әділбек Жамбылұлы Мырзамұрат
«Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесі

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі О.Ж.Жарасханова
жауапкердің өкілі Н.Сағынай
үшінші тұлғаның өкілі Е.А.Асауов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

2026 жылғы 09 қаңтарында «Ақтөбе қаласының мемлекеттік сатып алулар бөлімі» ММ-нің тарапынан №15922605-1 «Ақтөбе қаласының су басу қаупі бар участкелерден қар шығару» (Алматы ауданы) 51 724 137,93 теңге, 15922507-1 «Ақтөбе қаласының су басу қаупі бар участкелерден қар шығару» (Алматы ауданы) 51 724 137,93 тенге, 2026 жылдың 13 қаңтардағы 15927427-1 «Ақтөбе қаласы Алматы ауданы бойынша қарды жинау бойынша жұмыстар, №2 аумақ» 86 206 896,56 теңгеге ашық конкурстар жарияланған.

Ашық конкурстарға «Caspian Bitum» ЖШС-гі, «Еңбек-2050» ЖШС-гі, «Батыс PLC» ЖШС-гі және де өзгеде әлеуетті өнім берушілер қатысқан болатын.

2026 жылдың 30 қантар күні талап қоюшының атына «Батыс PLC» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тарапынан өтініш жолданған болатын, себебі «Caspian Bitum» ЖШС-мен конкурсқа материалдық ресурс ретінде жалға алу шартты негізінде берілген маркасы «WIELTON NW33SB» мемлекеттік номері 03ACK04 жүк көтергіштігі 25 тоннадан кем емес самосвалы көліктің иесі Әлібек Жамбылұлы Мырзамұратпен нақтысында ешқандай шарт жасаспаған туралы белгілі болған.

Сонымен қатар, «Енбек-2050» ЖШС-ің өтінішінде жауапкер конкурстық өтінімінде біліктілік талаптарын растау мақсатында ұсынылған тракторист-машинистердің куәліктерінің нысаны мен мазмұны сәйкес келмейтіні көрсеткен.

Талап қоюшы сотқа талап қоюымен жүгініп, онда жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған, өйткені жауапкер конкурсқа өтінім берген кезде анық емес ақпаратты ұсынған.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талапты қуаттап, қанағаттандыруды сұраған.

Жауапкердің өкілі талаппен келіспей, Ә.Ж.Мырзамұрат мен «Caspian Bitum» ЖШС арасында жасалған самосвалын жалға алу шартының жарамсыздығы туралы заңды күшіне енген сот шешімі болмағандығын, жауапкерде жалған мәліметтер немесе құжаттар ұсыну ниеті болмағандығын және ешқандай зиян келтірілмегендігін көрсеттіп, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Сот отырысында үшінші тұлға «Батыс PLC» ЖШС-нің өкілі талапты қанағаттандыруды сұраған.

Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісінше хабарланғанымен үшінші тұлғалар сот отырысына қатысқан жоқ, істі өздерінің қатысуынсыз қарау туралы сотқа арызданбаған.

Істі негізінен қарау үшін дәлелдемелер жеткілікті болғандықтан, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 196-бабының (әрі қарай-АПК) талаптарын басшылыққа алып, сот істі тараптардың қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 12.05.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай-АК) 272-бабына сәйкес міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

АПК-нің 72-бабына сәйкес, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі-Заң) 8-бабының 4-тармағының 1-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Заңның 3-бабына сай анық емес ақпарат - біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша әлеуетті өнім берушінің және (немесе) тартылатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) конкурсқа, аукционға қатысуға арналған өтінімінде және растаушы құжаттарында қамтылған, сол сияқты ұсынылған өтінімде шынайы мазмұнды бұрмалайтын және шындыққа және әлеуетті өнім берушінің растаушы құжаттарына сай келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер.

Аталған норманың талаптарының мәнісін түсінуге сәйкес анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану үшін оның біліктілік талаптары мен құжаттар бойынша анық емес ақпарат бергендігі дәлелденуі қажет және осы анық емес ақпарат конкурстық баға ұсынысына әсер еткендігі дәлелденуі қажет, сонымен қатар, шынайы мазмұнды бұрмалайтын және шындыққа және әлеуетті өнім берушінің растаушы құжаттарына сай келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер дәлелденуі тиіс. Осы шарттардың жиынтығында әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға болады, ал осы шарттың біреуі болмаған кезде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танудан бас тартуға жатады.

Іс құжаттарынан, жауапкер конкурсқа қатысқан кезде 2026 жылғы 16 қантардағы №ЗКПС-12/20265 жалға алу шартты негізінде Ә.Ж.Мырзамұрат жүк көтергіштігі 25 тоннадан кем емес самосвал мемлекеттік тіркеу нөмері №03АСК04 көлік құралын жалға алғаны ұсынғаны анықталды.

Алайда, сотта «Caspian Bitum» ЖШС-гі және жоғарыда көрсетілген көліктің иесі Әлібек Жамбылұлы Мырзамұратың арасында ешқандай құқықтық қатынас болмағаны расталды.

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 12.05.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Мырзамурат Әлібек Жамбылұлы өз хатында мемлекеттік тіркеу нөмері 03АСК04 көлік құралын «Caspian Bitum» ЖШС-не жалға бермегенің әрі келісімшарт жасамағанын атап өткен.

Сонымен қатар, «Шымкент қаласынының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы» ММ-нің 2026 жылдың 04 ақпанында №62 хатына сәйкес Б.К.Жолдыбаев, Н.Н.Кульжанов, А.К.Булебаев, Х.М.Мушалов аттарына тракторист машинист куәлігі басқарма тарапынан берілмегендігі расталды.

Нәтижесінде, жауапкер тарапынан конкурстық өтінімде анық емес ақпарат ұсынылғаны анықталды.

Жауапкер конкурсқа қатысқан кезде құжаттарды толық нұсқада тексеру барысында алдын ала жалға берушіге тиесілі немесе тиесілі емес екені анықтау қажет.

Бұл ретте жауапкер өтінімді берер алдында, өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарда дұрыс емес мәліметтерді ұсынғаны үшін жауапты.

Жауапкер тарапынан талап қоюшының ұсынған дәлелдемелерін жоққа шығаратын және де өз қарсылықтарын растайтын дәлелдеме құжаттарды сотқа ұсынбаған.

Талап қоюшы тарапынан осы іске қатысты, жауапкер конкурсқа қатысқан кезде анық емес ақпарат бергені туралы барлық дәлелдеме құжаттарын ұсынған.

Сот, зерттеліп анықталған мән-жайлар негізінде талап қоюшының талап қоюы қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылуға жатады деп тұжырымдайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден жергілікті бюджетке 2 162 теңге мемлекеттік баж өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ақтөбе қаласының мемлекеттік сатып алулар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Caspian Bitum» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Caspian Bitum» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен жергілікті бюджетке 2 162 (екі мың бір жүз алпыс екі) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 12.05.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.А.Казтуганова

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 12.05.2026

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»